

Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 5 наурыз N 1137. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Агроөнеркәсіп кешенінің экономикасын тұрақтандыру, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдарға /II-кезең/ арналған мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасына сәйкес кең көлемдегі жекешелендіру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау, нарықтық инфрақұрылымды жеделдете қалыптастыру мен қолдағы өндірістік әлеуетті тиімді пайдалану және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 1992 жылғы 8 ақпандағы N 616 Жарлығын /Қазақстан Республикасы ПУАЖ, 1992 ж., N 4, 56-бап/ дәйектеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның аумақтық комитеттері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің және басқа мүдделі ұйымдарының, сондай-ақ жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарының қатысуымен 1993-1995 жылдары агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді аяқтайтын болсын.

2. Совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру меншік иесінің инициативасы бойынша негізінен еңбек ұжымдарының мүшелеріне әркімнің мүліктік үлесін / пай/ анықтап сату жолымен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Жекешелендірілетін шаруашылықтардың қызметкерлері мен зейнеткерлері мүлікті сатып алған кезде оларға есептелген тұрғын үй купондарын төлем қаржысы есебінде пайдалануына болады. Бұл ретте ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін сату бағасының 75 процентіне дейін осы купондармен төлеуге болады. Мүліктік пайдың иелеріне меншік құқы туралы куәлік беріледі.

Пай иелері жер мен мүліктік пайларды ерікті біріктіру арқылы, сондай-ақ ауыл шаруашылық кәсіпорындарының құрылымдық бөлімдерінің /

бөлімшелерінің, бригадаларының, фермаларының, цехтарының/ негізінде заңды ұйым құқы бар жеке меншікке негізделген шағын кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін, шаруа қожалықтарын және олардың бірлестіктерін құра алады. Осы мақсатпен мүлкітік пайлардың иелері арасында айырбас жасауға, сондай-ақ оны шаруашылық ішінде сатуға рұқсат етіледі.

Қалыптасқан өндірістік байланыстарды сақтау, жалпы инфрақұрылымды ұтымды пайдалану, кейбір шаруашылық функцияларын бірлесіп орындау үшін бұл құрылымдар ерікті негізде ассоциацияларға немесе бірлестіктерге біріге алады.

3. Совхоздарды және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын / акцияландырылуда тиісті ірі мал шаруашылығы кешендерінен, құс фабрикаларынан, жылыжай шаруашылықтарынан, жоғары оқу орындары мен техникумдардың оқу-тәжірибе шаруашылықтарынан, тәжірибе, селекция станцияларынан, асыл тұқымды мал зауыттары мен асыл тұқымды мал совхоздарынан, ғылыми-зерттеу институттарының тәжірибе-эксперименттік шаруашылықтарынан басқаларын/ жекешелендірген кезде шаруа қожалығын ұйымдастыру үшін белгіленген тәртіппен жер үлесі мен мүлкітік пайын бөле отырып, қызметкердің кәсіпорыннан сөзсіз шығу құқы қамтамасыз етілуге тиісті.

4. Агроөнеркәсіп кешенінің дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындары қайта құрудың негізгі нысаны ретінде солардың негізінде ашық тұрпаттағы акционерлік қоғамдар құру арқылы акцияландыру деп танылсын. <*>

Акцияларды орналастырудың мынадай тәртібі белгіленсін / монополист-кәсіпорындардан басқасы/:

а/ жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардағы акциялардың жалпы мөлшерінің кем дегенде 51 проценті инвестициялық жекешелендіру қорларына сатылады <*> ;

ә/ акциялардың 10 проценті ұжым мүшелеріне, сондай-ақ сол кәсіпорындардан зейнеткерлікке шыққан адамдарға өтеусіз беріледі. Осы акциялардың бәрі артықшылықты болып табылады;

б/ акциялардың 10 процентіне дейінгі сабақтас кәсіпорындарға қойылған құны бойынша сатылуы мүмкін;

в/ қалған акциялар мемлекет меншігінде қалдырылады және еркін саудада өткізілуі мүмкін.

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.19. N 2553 Жарлығымен.

5. Монополист-кәсіпорындарға акциялар мынадай тәртіппен орналастырылады:

а/ жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардағы акциялардың жалпы мөлшерінің кем дегенде 40 проценті инвестициялық жекешелендіру қорларына сатылады; <*>

ә/ акциялардың 10 проценті еңбек ұжымының мүшелеріне, сондай-ақ сол кәсіпорыннан зейнеткерлікке шыққан адамдарға өтеусіз беріледі. Осы акциялардың бәрі артықшылықты болып табылады;

б/ акциялардың 10 процентке дейіні сабақтас кәсіпорындарға және шет ел инвесторларына сатылуы мүмкін;

в/ акциялардың бақылау пакеті /акциялардың жалпы санының кемінде 35 проценті/ және бөлінбеген акциялар мемлекет меншігінде қалдырылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеті акциялардың мемлекеттік пакетін ұстаушыны анықтайды.

Ескерту. 5-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.19. N 2553 Жарлығымен.

6. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, 1993 жылғы 1 сәуірге дейін агроөнеркәсіп кешеніндегі монополист-кәсіпорындарды анықтаудың арнаулы ережесін әзірлейтін болсын.

Мемлекет меншігіндегі акцияларға есептелетін дивидендтер, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің шешімі бойынша құрылысқа, акционерлендірілген агроөнеркәсіп кәсіпорнын жаңғырту мен техникалық жарақтандыруға жұмсалуды мүмкін деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарының қатысуымен шағын жекешелендіру бағдарламасының шегінде халыққа фирмалық қызмет көрсетуді дамыту үшін сауда мен қоғамдық тамақтандыру объектілерін ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне сату жөнінде арнаулы конкурстар өткізілуін көздейтін болсын.

8. <*>

Ескерту. 8-ші тармақтың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.10.19. N 2553 Жарлығымен.

9. Бұрын ұжымдық меншікке берілген кәсіпорындар Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес шаруашылық серіктестіктері немесе акционерлік қоғамдар етіп қайта құруға жатады.

10. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және басқа агроөнеркәсіп кешені

ведомстволарының келісуі бойынша жүргізілетін өзгерістерді ғылыми қамтамасыз ету және консультация беру жүйесін, реформаланған шаруашылықтар мен кәсіпорындарда өндірістің басқарылуын қамтамасыз етудің нақты тетіктерін пысықтау

жүктелсін.

11. Осы Жарлықтың қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 1992 жылғы 8 ақпандағы N 616 Жарлығының 3,4,5 және 12-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті